

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-сі
«№15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы»
Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
өзін-өзі бағалау 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

16.02. – 27.02.2026 жыл

Өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы қорытынды

№15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
(білім беру ұйымының атауы)

Ақтөбе қаласы, Кереев көш, 3А «27» ақпан 2026 жыл, 10сағат 30 минут
(қорытынды жасау орны) (күні) (айы) (күрастыру уақыты)

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңын (бұдан әрі – Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары) басшылыққа алып, №15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасының 2026 жылғы 10 ақпандағы №39 бұйрықпен бекіткен аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) өткізді, құрамында:

1. Иманова Гульсая Картбайовна – №15 «Жидек» бөбекжай-балабақша меңгерушісі, комиссия төрайымы;
2. Кубашева Салтанат Темирбулатовна - №15 «Жидек» бөбекжай-балабақша әдіскері, комиссия мүшесі;
3. Сандыбаева Ирина Сергеевна - №15 «Жидек» бөбекжай-балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
4. Кравченко Наталья Николаевна - №15 «Жидек» бөбекжай-балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі.
5. Даукулова Айгуль Амангельдыевна - №15 «Жидек» бөбекжай-балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерттеу объектілері бойынша 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылының материалдарына талдау жүргізді, оның ішінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі-МЖМБС) талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының материалдарын талдап, зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған деректермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия сандық және сапалық көрсеткіштерін бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер	
1)	білім беру ұйымының толық атауы (заңды тұлғаны тіркеу немесе қайта тіркеу туралы анықтамаға/куәлікке сәйкес білім беру ұйымының атауын көрсету). «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
2)	білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайын және нақты орналасқан мекенжайын көрсету). Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Кереев көшесі, 3А
3)	заңды тұлғаның байланыс деректері (білім беру ұйымының телефонын, электрондық поштасын, ресми интернет-ресурсын көрсету). Телефон: 8(7132)222370, эл.почта: Sadzhidek15@yandex.kz, ресми интернет-ресурс: https://zhidek-15.edu.kz/kz/инстаграм : https://www.instagram.com/sad_zhydek15?igsh=MTJhc2phNzJkeGs3Ng%3D%3D&utm_source=qr , Ю-туб: http://www.youtube.com/@zhidek15
4)	заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т. А. Ә, лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың күні мен нөмірі көрсетілсін, бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі). Иманова Гульсая Картбайовна №73 бұйрық 31.05.2023 ж
5)	құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (тіркеу нөмірін, БСН, анықтама берілген күнді/заңды

	<p>тұлғаны тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік, Жарғының деректерін көрсету, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі).</p> <p>БСН: 990340002576, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу 2022 жыл 18 қаңтар, Жарғы Ақтөбе облысы әкімдігінің 30 қараша 2021 жылғы № 390 қаулысымен бекітілген.</p>
6)	<p>рұқсат беру құжаттары (бұйрықтың нөмірі мен күнін, білім беру қызметіне лицензияның берілген күнін және нөмірін, оның ішінде оған қосымшаны және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талонды көрсету, лицензияның және лицензияға қосымшаның көшірмелері қоса беріледі).</p> <p>Қызметтің түрі: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама. Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы №КЗ33RVK00054504 хабарлама. 15.12.2023 жылдан бастап қызметін жүзеге асыруда.</p>
<p>2. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын өлшемшарттар</p>	
1)	<p>оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің МЖМБС талаптарына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, Әділетте №29031 нөмірімен тіркелген) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы, Әділетте № 8275 нөмірімен тіркелген) сәйкестігі.</p> <p>Оқу жұмыс жоспарларының (вариативті болған жағдайда) және ұйымдастырылған іс-әрекеттің, оның ішінде оның ұзақтығының, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС талаптарына және үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МТО ҮОЖ) сәйкестігіне талдау жүргізілді, бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері қаралды.</p> <p>Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу келесіні көрсетті:</p> <p>№15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны зерделеуге 2023-2024, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылына арналып жасалынған оқу жұмыс жоспарын қарады. Оқу жұмыс жоспары Ақтөбе қаласы мемлекеттік мекемесінің басшысымен келісілген және №15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасы меңгерушісінің қолымен бекітілген, беттері қатталып, нөмерленген, мөр басылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және «Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 2022 жылғы 9-қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бұйрығының 1, 2 қосымшасына сәйкес келеді. Зерделеуге ұсынылған 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылы бойынша вариативті бағдарламалар болған жоқ, қосымша ақылы қызмет бойынша жұмыс жүргізілді.</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 1-қосымшасы 2-тармағының 1) тармақшасына, 4-тармағының 1) және 2) тармақшаларына, МТО ҮОЖ 1 және 2 -қосымшаларына сәйкес.</p>
2)	<p>мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы, Әділетте № 14235 нөмірімен тіркелген) және білім беру бағдарламаларымен (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) білім беру қызметін жүзеге асыру.</p> <p>Құжаттардың келесі талаптарға сәйкестігі талданады:</p> <p>1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МТО ҮОЖ) сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымының білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 1-қосымшасы 4-тармағының 1) және 4) тармақшаларына, 13, 15, 17-тармақтарына, оның ішінде:</p> <p>тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру 2023-2024, 2024-2025, 2025-</p>

2026 оқу жылдарына арналған перспективті жұмыс жоспарлары осы жылдарға арналған үлгілік оқу жоспары бойынша, балаларды оқыту тілі мен жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына, мақсат, міндеттеріне сәйкестендіріліп жасалып, оқу жылы басында бекітілген.

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс-әрекетінің МЖМБС талаптарына сәйкес №15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Бөбекжай - балабақшасы сыйымдылығы 280 орын 11 топ. Қазіргі таңда 236 бала тәрбиеленуде. 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті «Дара бала» сайтының жолдамасы арқылы тіркеледі.

№15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін: ҚР «Білім туралы» Заңына; Жарғысына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Оқу жұмыс жоспарларына; Ішкі тәртіп ережелеріне; ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделіне; ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, облыстық білім басқармасыны және калалық білім бөлімінің бұйрық нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада жылдық жоспарға сәйкес педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Облыстық калалық семинар, шебер сыныптарына қатысып, іс тәжірибе алмасып отырады. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарына жаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны жағдайларында педагогикалық процесті ұйымдастыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны: перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін мониторингтер жүйесін арқылы іске асырылады.

Перспективалық жоспарға сәйкес әр апта бойынша балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқып-үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған жан-жақты зерделеуге арналған апталық жоспар (циклограмма) жасалған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында циклограммаларда Санитарлық ережелер талаптарына сәйкес, балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. Оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдары қарастырылған. Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, оның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыру бойынша өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша материалдар топтамасын қолдануда және балалармен ұйымдастырылған іс-әрекетті жүзеге асырудағы әр оқу жылының бірінші педагогикалық отырысында бекітілген.

Балабақша педагогтары 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында оқыту мен тәрбиелеу процесін, жаңартылған білім мазмұны мен бағдарламаның негізгі идеяларын балалардың бойында ерте жастан дамыту қажет негізі дағдылармен тығыз байланыстырды. Ойын арқылы оқыту - педагог жетекшілігімен ойын, құрылымдалған ойын, еркін ойын басшылыққа алып жұмыс жүргізді. 2025-2026 оқу жылы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: ойын арқылы оқыту; түрлі балалар

әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

№15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасының мектеппен сабақтастық кестесі құрылым, балабақша меңгерушісі мен мектеп директорының қолы қойылып, мөрленген. Балабақша педагогтары жоспарға сай мектеп кітапханасына, спорт залына, жалпы мектеппен танысуға тәрбиеленушілерді саяхатқа апару, сонымен қатар бастауыш буын педагогтарымен түрлі кездесу семинарларын өткізіп, үнемі тығыз байланыста болады. Балабақша педагогтары калалық, аймақтық семинар -практикумдар өткізіп, іс-тәжірибелерімен бөлісу жақсы жолға қойылған. Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында оқу жылдарында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты негізге ала отырып құрылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны; 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылына арналған циклограммаларды зерделеу барысында барлық топтардың құжаттары зерделенді. Жас ерекшеліктеріне қарай бөлінген топтардың циклограммасында ұсынылған ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті кестесіне сай бағдарлама бойынша берілетін білім және біліктілік дағдыларын меңгерту мақсатында, мақсат -міндеттерге сай тақырыптар алынған.

білім беру іс-әрекетін тиімді интеграциялау; мектепке дейінгі білім беру ұйымының білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның маңызды бөлімі – ол, ойын арқылы, іс әрекеттерді түрлендіру арқылы білім және біліктілік дағдыларын бойларына сіңіру болып табылады. Сонымен қатар, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсат-міндеттерін орындау мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестендіре отырып жұмыстар жүргізілген. Осы орайда құжаттарды талдау-зерттеу барысында анықталды. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылында топтарындағы жүргізілген жұмыстарда интеграциялау әдістері кеңінен қолданылған. Осылайша білім беру іс-әрекетін интеграциялау үрдісі іске асырылған.

сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету; Балалардың күні бойғы іс-әрекеттері мен оқыту тәрбиелеу жұмысын жаспарлау барысында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы мен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының сабақтастығын зерделеу барысында аптаға арналған циклограммалардың «Апта дәйексөзімен» басталып, оқыту-тәрбиелеу жұмысын ұлттық құндылық сағаттарымен сабақтарымен сабақтастыру жүргізу жұмыс жолға қойылғанын көруге болады. Циклограмма 2023-2024, 2024-2025 «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» және 2025-2026 оқу жылына арналған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асыру бағытындағы өңірлік жұмыс жоспарына сәйкес «Апта дәйек сөздері», жазылып, «Менің Қазақстаным», «Қауіпсіздік ережелері» бойынша апта сайын жұмыстап жоспарланып, балалармен күнделікті оқу-тәрбиелеу жұмысында күнделікті жоспарлап өткізуге ұсынылған «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну», «Күй күмбірі» бөлімдері толық жазылып, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыру, тамақтандыру, түстен кейінгі сауықтыру шаралары мен ойын әрекеттерін, яғни, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етіліп, сабақтастық принципі сақталған.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері; 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарындағы жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша ұсынылған құжаттарды зерделей отырып, бағдараманы меңгерту барысында қолданылатын әдістер мен тәсілдердің, қойылған мақсаттардың, күтілетін нәтижелер үрдісінен шығуға бағытталғанын аңғаруға болады. Мысалы: ортаңғы топтың «Физикалық қасиеттерді дамыту» саласы бойынша күтілетін нәтиже – баланың аяқтың ұшымен жүре білуі, тізені жоғары көтеріп жүруі, жүруде тепе-теңдікті сақтау, сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен, заттарды айнала жүгіру, тұрған орнында қос аяқпен секіру, ұзындық және биіктікке секіру болып табылады. Осы айтылған қимылдардың барлығы дене шынықтыру жетекшісінің циклограммасында нақты жалпы

жетілдіруші жаттыгулармен, негізгі қимылдармен үйретіліп, қимылдық ойындар барысында, оқу әрекетінің қорытындысында бекітіліп отырған. Ересек, мектепалды топтарында «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» саласы бойынша «Математика негіздері» бөлімінің күтетін нәтижелері – 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды, екі затты ұзындығы, ені, биіктігі жуандығы бойынша салыстырады, геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді, тәулік бөліктерін ажыратады делінеді, сәйкесінше, күні бойғы балалардың іс-әрекетін жоспарлау циклограммасында аталған нәтижелерге жету мақсатындағы жұмыстар «Кім тапқыр!», «Тез сана», «Үлкен мен кіші» «Жеңіл мен ауыр» дамытушы ойындары арқылы және ҮІӘ жоспарлау барысында көрініс тапқан.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарындағы жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша ұсынылған құжаттарды зерделей отырып, «Педагогикалық шебер-класс, шығармашылық шеберханалар мен зертханалар жұмыстары» «Теннис» 4-5 жастағы балдарға арналған бағдарамасы өткізіліп жатыр.

Талдау қорытындылары: Осы өлшемшарт бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу сәйкес келетінін көрсетті.

Осылайша, білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы негізінде жүзеге асырылатыны анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша 2– тарауының 16-тармақшасына, яғни, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның талаптарына сәйкес.

3) **Мектепке дейінгі ұйымдардың үлгілік қағидаларын сақтау** (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 29329 нөмірімен тіркелген).

Құжаттардың келесі талаптарға сәйкестігі талданады:

1) білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкес мектепке дейінгі ұйым түріне сәйкестігі бойынша Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 3-тармағына (бұдан әрі – Қызметтің үлгілік қағидалары) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 8390 нөмірімен тіркелген);

Мектепке дейінгі ұйым номенклатурасын бекітілген.

2) ұйым жарғысында айқындалған функциялардың Қызметтің үлгілік қағидаларының 11, 12-тармақтарына, 20-тармағының 1) тармақшасына;

Мекеменің жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 30 қараша 2021 жылғы №390 қаулысымен бекітілген.

3) бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жас топтарын жинақтау және толтыру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 6, 7 және 8-тармақтарына;

№15 «Жидек» бөбекжай-балабақшасында жалпы - 11 топ бар.

2023-2024 оқу жылы бойынша 11 топ жұмыс жасаған. Оның ішінде 5 орыс, 2 логопедиялық орыс, 4 қазақ тобы. Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшамен бекіткен.

«Балапан» мектепалды топ – 27 бала

«Гульдер» мектепалды топ- 29 бала

«Почемучки» мектепалды орыс тобы- 29 бала

«Лучики» мектепалды логопедиялық орыс тобы – 12 бала

«Алма» ересек тобы–27 бала

«Капельки» ересек орыс тобы–29 бала

«Колокольчики» ересек орыс тобы–26 бала

«Говорушки» ересек логопедиялық орыс тобы – 11 бала
«Күншуақ» ортаңғы тобы – 27 бала
«Акбота» ортаңғы орыс тобы – 30 бала
«Радуга» ортаңғы орыс тобы – 29 бала
2024-2025 оқу жылы бойынша 11 топ жұмыс жасаған. Оның ішінде 5 орыс, 2 логопедиялық орыс, 4 қазақ тобы. Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшамен бекіткен.

«Балапан» ортаңғы топ – 25 бала
«Гульдер» ортаңғы топ- 23 бала
«Почемучки» ортаңғы орыс тобы- 25 бала
«Күншуақ» ересек тобы – 22 бала
«Акбота» ересек орыс тобы – 28 бала
«Радуга» ересек орыс тобы – 25 бала
«Лучики» логопедиялық орыс ересек тобы – 9 бала
«Алма» мектепалды тобы – 24 бала
«Капельки» мектепалды орыс тобы – 26 бала
«Колокольчики» мектепалды орыс тобы – 29 бала
«Говорушки» мектепалды логопедиялық орыс тобы – 12 бала
2025-2026 оқу жылы бойынша 11 топ жұмыс жасаған. Оның ішінде 5 орыс, 2 логопедиялық орыс, 4 қазақ тобы. Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшамен бекіткен.

«Колокольчики» кіші орыс тобы – 20 бала
«Алма» ортаңғы тобы – 23 бала
«Капельки» ортаңғы орыс тобы – 29 бала
«Балапан» ересек топ – 25 бала
«Гульдер» ересек топ- 21 бала
«Почемучки» ересек орыс тобы- 27 бала
«Говорушки» логопедиялық ересек орыс тобы – 12 бала
«Күншуақ» мектепалды тобы – 20 бала
«Акбота» мектепалды орыс тобы – 26 бала
«Радуга» мектепалды орыс тобы – 23 бала
«Лучики» логопедиялық мектепалды орыс тобы – 12 бала

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы 1 қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызыметінің үлгілік қағидаларында» жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы:

- 1) кіші топ (2 жастағы балалар) - 20 баладан артық емес;
- 2) ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - 25 баладан артық емес;
- 3) ересек топ (4 жастағы балалар) – 25 баладан артық емес;
- 4) мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастағы балалар) - 25 баладан артық емес.

Жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтары толықтырылған. Қағида бойынша жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтары, жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы сақталған.

4) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жабдықтау жөніндегі нормалар бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 9-тармағы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 13272 нөмірімен тіркелген*);

№15«Жидек» бөбекжай-балабақшасы жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған және Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшасына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы меңгерушімен бекіткен. Бөбекжай-балабақша тарапынан 5 дағдысын дамытуға арналған жабдықтар тізімі ұсынылған: Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған оқу


және ойын материалдары», «Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдары» және «Шығармашылық дағдыларды, зерттеушілік әрекетті дамытуға арналған оқу және ойын материалдары» бар. Дегенмен, №70 бұйрыққа сәйкес толықтырып, жаңартып отыруды үнемі жалғастыру қажет.

5) ата-аналардың (заңды өкілдерінің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 10-тармағына 1- және 2-тармақшасына;

1. мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жас топтарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер жоқ.

2. тәрбие мен оқытудың арнайы бағдарламасы бойынша тіл бұзылыс түрлері негізіндегі арнайы топтар қарастырылған. 2 топта ересек пен мектепалды ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер, әр топта 12 баладан бар.

6) бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін орындау бойынша, оның ішінде тәрбиеленушілерге инклюзивті білім беруді іске асыру үшін Қызметтің үлгілік қағидаларының 12-тармағына; Бөбекжай-балабақшада ерекше білімді қажет ететін тәрбиеленуші жоқ. Кедергісіз ортамен қамтамасыз етілген.



7) Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 20883 нөмірімен тіркелген*) мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған тәрбиеленушілерді қабылдау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 13-тармағына;

№15 «Жидек» мектепке дейінгі ұйымына балаларды қабылдау білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы жолдамаларды есепке алудың, кезектіліктің және берудің бірыңғай базасы арқылы жүзеге асырылады. «Dagabala» сайт арқылы жүзеге асады.

8) білім беру қызметін ұйымдастыру кезінде кезеңдерді сақтау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 14-тармағына;

Зерделеу барысында 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – жүргізілгені әдістемелік ұсынымның 3-қосымшасында көрсетілген. Мектепалды топ бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады.

9) тәрбиеленушілердің орнын сақтау, сондай-ақ тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдардан шығару бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 15 және 16-тармақтарына; Мектепке дейінгі тәрбиеленушінің орны мен мектепке дейінгі ұйымнан шығару бойынша

бекітілген әдістемелік ұсынымның 3-қосымшасында көрсетілген. Балалар қозғалысы жүргізілген. Ата-ана өтінішімен мектепке дейінгі ұйымнан шығарған.

10) ата-анасынан немесе заңды өкілдерінен алынатын ай сайынғы төлем бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 17-тармағына;

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның 100 пайызын құрайды.

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өту, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен басшыларын аттестаттау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 18-тармағына;

Ағымдағы оқу жылында жалпы – 32 педагог жұмыс жасайды.

Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагог тар саны	Жоғары санат	I санат	II санат	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Санаты жоқ
2023-2024	33	1	1	2	9	3	4	13
2024-2025	35		1	-	14	5	4	11
2025-2026	32		-	1	14	7	3	7

2025-2026 оқу жылындағы біліктілік санаты туралы мәлімет бойынша

№	Аты-жөні	Лауазымы	Біліктілік санаты, берілген күні	Еңбек өтілі
1	Иманова Гүлсая Картбайовна	Меңгеруші	санатсыз	Еңбек өтілі 31ж,11ай
2	Кубашева Салтанат Темирбулатовна	Әдіскер	Педагог-сарапшы №449 бұйрық 24.12.2021ж	Еңбек 16 жыл
3	Калташкина Наталья Николаевна	Логопед	Педагог-модератор №243 бұйрық 26.07.2022ж	Еңбек өтілі 23 жыл 5 ай
4	Павленко Елена Александровна	Логопед	санатсыз	Еңбек өтілі 15 жыл 2 ай
5	Щербина Ольга Леонидовна	Дене шынықтыру нұсқаушысы	Педагог-зерттеуші №211 бұйрық 13.08.2021ж	Еңбек өтілі 20 жыл 11 ай
6	Зимханова Айсауле Орынтаевна	Дене шынықтыру нұсқаушысы	Педагог-модератор №56 бұйрық 30.10.2024 ж	Еңбек өтілі 27 жыл 11 ай
7	Жумабаева Кенжегул Молдағалиевна	Қазақ тілі мұғалімі	Педагог-модератор №112 бұйрық 22.12.2021 ж	Еңбек өтілі 13 жыл 5 ай
8	Сисенбай Айсана Бекболатқызы	Қазақ тілі мұғалімі	санатсыз	Еңбек өтілі 3 жыл 2 ай
9	Клещева Татьяна Ивановна	психолог	Педагог-зерттеуші №272 бұйрық 30.12.2020ж	Еңбек өтілі 21 жыл 4 ай

10	Муртазина Людмила Жанболатовна	Музыка жетекшісі	Педагог-модератор №272 бұйрық 31.08.2023ж	Еңбек өтілі 36 жыл 1 ай
11	Замешаева Римма Викторовна	дефектолог	Педагог-модератор №43 бұйрық 09.07.2021ж	Еңбек өтілі жыл 6 жыл 3 ай
12	Де Гульдана Жумағалиевна	логопед	санатсыз	Еңбек өтілі 2 жыл 2 ай
13	Кадырова Данара Балтабаевна	Музыка жетекшісі	санатсыз	Еңбек өтілі 5 жыл 8 ай
14	Бунчук Наталья Николаевна	Тәрбиеші	Педагог-модератор №54 бұйрық 23.05.2025ж	Еңбек өтілі 29 жыл 7 ай
15	Тургаева Гульмира Ермекова	Тәрбиеші	Педагог-модератор №56 бұйрық 30.11.2024ж	Еңбек өтілі 6 жыл 6 ай
16	Рудницкая Алина Евгеньевна	Тәрбиеші	Педагог-модератор №56 бұйрық 30.10.2024ж	Еңбек өтілі 6 жыл 4ай
17	Кульжанова Алтынгүл Ермековна	Тәрбиеші	санатсыз	Еңбек өтілі 2 жыл 0 ай
18	Көптілеуова Гүлназ Жарасқанқызы	Тәрбиеші	Педагог-сарапшы №371 бұйрық 11.09.2023ж	Еңбек өтілі 19жыл 9ай
19	Бәшентаева Фарид Қажіғалиқызы	Тәрбиеші	II біліктілік санат №32 бұйрық 28.08.2020ж	Еңбек өтілі 12жыл 3ай
20	Ледакова Татьяна Викторовна	Тәрбиеші	Педагог-модератор №272 бұйрық 31.08.2023ж	Еңбек өтілі 37жыл 10 ай
21	Сандыбаева Ирина Сергеевна	Тәрбиеші	Педагог-модератор №51 бұйрық 29.08.2024ж	Еңбек өтілі 24жыл 10ай
22	Улитчева Ирина Федоровна	Тәрбиеші	Педагог-зерттеуші №211 бұйрық 13.08.2021ж	Еңбек өтілі 32жыл 5ай
23	Бондарева Татьяна Анатольевна	Тәрбиеші	Педагог-сарапшы №449 бұйрық 24.12.2021ж	Еңбек өтілі 25жыл 1ай
24	Балько Светлана Николаевна	Тәрбиеші	Педагог-сарапшы №420 бұйрық 09.09.2024ж	Еңбек өтілі 12жыл 1ай
25	Аметкулова Нургайша Калилулаевна	Тәрбиеші	Педагог-модератор №54/1 бұйрық 22.12.2020ж	Еңбек өтілі 18жыл 11ай
26	Салқынова Лайла Саттигуловна	Тәрбиеші	Педагог-модератор №54 бұйрық 23.05.2025ж	Еңбек өтілі 7жыл 2ай
27	Саркулова Джамиля Тлегеновна	Тәрбиеші	Педагог-сарапшы №395 бұйрық 27.08.2025ж	Еңбек өтілі 11жыл 0ай
28	Кравченко Наталья Николаевна	Тәрбиеші	Педагог-сарапшы №420 бұйрық 09.09.2024ж	Еңбек өтілі 35жыл 0ай

29	Соболева Диана Витальевна	Тәрбиеші	санатсыз	Еңбек өтілі 1 жыл 3 ай
30	Сырлыбайқызы Венера	Тәрбиеші	Педагог-модератор №54 бұйрық 23.05.2025ж	Еңбек өтілі 5 жыл 0 ай
31	Даукулова Айгуль Амангельдыевна	Тәрбиеші	Педагог-сарапшы №395 бұйрық 27.08.2025ж	Еңбек өтілі 15 жыл 5 ай
32	Кажмуханова Гульмира Куандықовна	Тәрбиеші	Педагог-модератор №51 бұйрық 29.08.2024ж	Еңбек өтілі 13 жыл 4 ай

Біліктілік санаттары бойынша: Қағиданың 24 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» деп көрсетілген.

Алайда, жеті педагогтың біліктілік санаты жоқ, оның ішінде:

Иманова Г. К. балабақша меңгерушісі, Павленко Е. А. логопед, Сисенбай А. Б. қазақ тілі мұғалімі, Де Г. Ж. логопед, Қадырова Д. Б. музыка жетекшісі, Кульжанова А. Е. тәрбиеші, Соболева Д. В. тәрбиеші. Бұл педагогтардың біліктілік санатын алу үшін осы лауазымда жеткілікті жұмыс өтілі жоқ (кемінде 5 жыл). Аметкулова Н.К., Бәшентаева Ф.Қ. тәрбиеші, біліктілік санаты 2 жылға ұзартылған, өйткені декреттік демалысынан шығуына байланысты. Клещева Т.И. психолог лауазымдағы педагогта да біліктілік санаты «ҚР Оқу-ағарту министрлігінің орта білім беру комитеті» РММ-нің 27.02.2025 жылғы №20-1-20-7/1551-И хатына сәйкес 2026 жылғы қаңтар-тамыз аттестаттау кезеңіне дейін ұзартылған.

12) «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына (*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрық, Әділет ақпараттық жүйесінде № 23469 нөмірімен тіркелген*) сәйкес балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібі ескеріліп, тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 20-тармағы 5), 6) тармақшасына;

Балабақшада тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы бойынша бракераждық комиссия жұмыстарын жүргізілген, сайтқа жүктеген. Үш жылғы мәліметтері, маусымдық азық-түліктер, ас мәзірі ұсынылған.

1) мектепке дейінгі ұйымның штатына кіретін медициналық қызметкерлер ағымдағы медициналық бақылауды, иммундау және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетудің аумақтық медициналық ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастыруы бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 20-тармағы 4) тармақшасына;

Мектепке дейінгі ұйымның штатына кіретін медициналық қызметкерлер ағымдағы медициналық бақылауды, иммундау және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек медициналық қызметтерінің міндеттеріне қарастырылған.

2) білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен (ұлттық білім беру деректер қоры) автоматты түрде ақпараттармен алмасу және мәліметтерді өзектендіру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 20-тармағы 8), 9) тармақшасына;

Мектепке дейінгі ұйымда ұлттық білім беру деректер қорында ақпараттармен алмасып мәліметтерді өзектендіру жұмыстары жүргізілген.

13) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына қойылатын талаптарды сақтау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 21-тармағына (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224*

бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 33166 нөмірімен тіркелген);

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары негізінде 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылына арналған штаттық кесте бекітіліп ұсынылған. Бұдан, штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылады - деп көрсетілген талабына сәйкес келеді.

14) Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогты қабылдау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 22-тармағына

2025-2026 оқу жылындағы педагогтардың білімі туралы мәлімет

№	Педагогтың аты-жөні	Білімі, мамандығы	Бітірген оқу орны, жылы
1	Иманова Гульсая Картбайовна	Жоғары, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Психология» менгеруші	Абай ат. ҚазҰПУ, 2006ж.,
2	Кубашева Салтанат Темирбулатовна	Жоғары, «Педагогика және психология» «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» әдіскер	АГУ им.Х.Досмухамедова, 2005-2009ж., Зап-Каз.Иннов.Техн. Университет, 2017-2019ж.
3	Калташкина Наталья Николаевна	Жоғары, «Дефектология» логопед	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2020 жыл
4	Павленко Елена Александровна	Жоғары, «Дефектология» логопед	Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, 2009 жыл
5	Щербина Ольга Леонидовна	Жоғары, «Педагог по физической культуре» дене шынықтыру нұсқаушысы	Оренбургский государственный педагогический университет, 2014ж
6	Зимханова Айсауле Орынтаевна	Жоғары, «Дене шынықтыру және спорт» дене шынықтыру нұсқаушысы	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2019ж
7	Жумабаева Кенжегул Молдағалиевна	Жоғары, «Қазақ тілі мен әдебиеті» қазақ тілі мұғалімі	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2007ж
8	Сисенбай Айсана Бекболатқызы	Жоғары, «Қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті» қазақ тілі мұғалімі	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2023ж
9	Клещева Татьяна Ивановна	Жоғары, «Психология» психолог	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2004ж
10	Муртазина Людмила Жанболатовна	Арнаулы орта, «Культурно-просветительная работа» музыка жетекшісі	Оренбургское областное училище культуры, 1993ж
11	Кадырова Данара Балтабаевна	Жоғары, "Музыкалық бөлім", музыка жетекшісі	Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019ж
12	Замешаева Римма Викторовна	Жоғары, «Дефектология» дефектолог	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2020ж
13	Де Гульдана Жумағалиевна	Жоғары, «Дефектология» логопед	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2020ж
14	Бунчук Наталья Николаевна	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие» тәрбиеші	Ақтөбе педагогика училищесі, 1992ж
15	Тургаева Гульмира Ермекбаевна	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	Ақтөбе гуманитарлық-техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі

		тәрбиеші	2016-2019жж
16	Рудницкая Алина Евгеньевна	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» тәрбиеші	ЖМ «Рауан» көпсалалы колледжі, 2016-2019жж
17	Кульжанова Алтынгүль Еркековна	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» тәрбиеші	«АЛТ Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжі» ЖШС, 2023ж
18	Көптілеуова Гүлназ Жарасқанқызы	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» тәрбиеші	Көпсалалы «Болашақ» колледжі, 2012-2015жж
19	Бәшентаева Фарида Қажіғалиқызы	Жоғары, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» тәрбиеші	С.Байішев атындағы Ақтөбе университеті, 2018ж
20	Ледакова Татьяна Викторовна	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» тәрбиеші	Ақтөбе педагогика училищесі, 1985-1987жж
21	Сандыбаева Ирина Сергеевна	Жоғары, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» тәрбиеші	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2016ж
22	Улитчева Ирина Федоровна	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие» тәрбиеші	Ақтөбе педагогика училищесі, 1989-1993жж
23	Бондарева Татьяна Анатольевна	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі білім» тәрбиеші	Ақтөбе гуманитарлық колледжі, 1997-2000жж
24	Балько Светлана Николаевна	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» тәрбиеші	ЖМ «Рауан» көпсалалы колледжі, 2014жж
25	Салкынова Лайла Саттигуловна	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» тәрбиеші	Көпсалалы «Болашақ» колледжі, 2011-2014жж.
26	Саркулова Джамиля Тлегеновна	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» тәрбиеші	Көпсалалы «Болашақ» колледжі, 2012-2016жж
27	Кравченко Наталья Николаевна	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие» тәрбиеші	Ақтөбе педагогика училищесі, 1986-1988жж
28	Соболева Диана Витальевна	Арнаулы орта, арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» тәрбиеші	Жоғары көпсалалы «Болашақ» колледжі ЖММ, 2024ж
29	Сырлыбайқызы Венера	Арнаулы орта, арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» тәрбиеші	М.Тынышпаев ат.ҚазККА «Ақ-ның Ақтөбе көлік және коммуникациялар колледжі, 2019-2021жж

30	Даукулова Айгуль Амангельдыевна	Жоғары, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» тәрбиеші	Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 2025ж
31	Кажмуханова Гульмира Куандыковна	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» тәрбиеші	ЖМ «Рауан» көпсалалы колледжі, 2011-2014жж
32	Аметкулова Нургайша Калилулаевна	Арнаулы орта, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» тәрбиеші	ЖМ «Рауан» көпсалалы колледжі, 2019жж

Бағалау кезеңі бойынша:

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғарғы білімді	Мектепке дейінгі арнаулы Орта білімді	Педагог
2023-2024 ож	33	6	15	12
2024-2025 ож	35	6	15	14
2025-2026 ож	32	6(17%)	16(44%)	13 (36%)

Нәтижесінде қызмет ететін педагогтің атқарып жүрген қызметіне диплом бойынша мамандығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 22 тармағы «Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға жіберіледі» талабына сәйкес келеді.

2025-2026 оқу жылындағы педагогтардың біліктілікті арттыру курс туралы мәлімет

